

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының даярлық миссиясымен кездесуін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 24 қаңтардағы N 10-ө
Өкімі

2007 жылғы 25-29 қаңтар кезеңінде Алматы қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (бұдан әрі - АТМЭӘК) даярлық миссиясымен АТМЭӘК-тің 63-сессиясын ұйымдастыру мәселелері бойынша кездесуін ұйымдастыру мақсатында:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі АТМЭӘК-тің даярлық миссиясы мүшелерінің қонақ үйде тұруына, тамақтануына, көліктік, және тәуліктік шығыстарына ақы төлеуге 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 4695444 (төрт миллион алты жүз тоқсан бес мың төрт жүз қырық төрт) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр